



«Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірибелерге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады»

Рымғали Нұрғалиев

Мағжан Жұмабаев «Жел» өлеңі



Мағжан Жұмабаев «Жел» өлеңінде табиғат пен адам өмірі тығыз байланыста.



Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Оның айнымас жан досы- табиғат: Жел. Табиғаттың әр кұбылысынан, туған жердің әр тынысынан сұлулықтың тамаша белгілерін көреді. Менің мақсатым ақынның «Жел» өлеңдерін талдау арқылы өзіңе деген Сенім рухын жоғалтпау дегенін зерттеп ұсынғым келеді.

М.Жұмабаевтың «Жел» өлеңіндегі жел түрлері


- Тентек жел.* Жел- тым тентек бір бала
Жан сүйгені - сар дала.
- Жүйрік жел.* Жүйрік желім тым сотқар,
Сотқар жел. Біреу бетін жапса егер
Әдейі бетке түкіред.
- Көңілді жел.* Көлдің бетін кестелеп,
Оны әуре етеді.
- Ерке жел.* Мазасы жоқ жел ерке,
Ояныпты тым ерте.
- Ғашық жел.* «Саған, сұлу сәулеге
Келдім ұшып ғашықпын».

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ САКЕН СЕЙФУЛЛИН



«Жел»

Жол бермеген қатты қара темірді,
Ызаланып, зуылдап кеп ұрады.
Үй сілкініп, құлағандай болады,
«Жіберші!»- деп сұрағандай болады.
Қуат кеміп, қажыған соң, *жүйрік жел*
Өксіп-өксіп жылағандай болады.
Дене күйіп, *желге* құлақ саламын,
Жанып жүрек, көзіме жас аламын.
Жібермейді қара темір қайырымсыз
Еркін дала, Сарыарқамның сәлемін.



Ю. Сакен Сейфуллин.

□ «Қамаудан»

Терезенің алдына
Торғайлар келіп ән салды.
Ызғарлы қамау тас үйге
Күйлендіріп жан салды...
Демін салып *майда жел*
Құшақтап сүйіп тәнімді.
Сүйгенімдей тербетіп,
Жұбатты менің жанымды.

Екі ақынның өлеңінде де үлкен сенім бере күш бар.

Ол- жел.



Табиғат қамаудағы тұтқынның жабырқау көңілін адамнан да қайырымды болып, жел келіп, ақынды жұбатып, жадыратып, бойына бостандыққа деген сенім ұялатады.

Кеңес дәуірінде Алаш азаматтарының басына қара бұлт үйірілді. Ақындар ойын ашық айта алмады, сол себепті Сәкен, Мағжан сынды ақындар ойды бейнелеп айтатын генетикалық көне дәстүрді, поэзиясында ойларын образды бейнелеу үшін пайдаланған.

ҚОРЫТЫНДЫ

□ Қорытынды, Мағжанның «Жел» өлеңдерін оқи отырып, бүгінгі көзқараспен қарасақ, басыңа қандай да болмасын іс түссе де, еш қаймықпай, мойымай, өзіңе деген сенімді жоғалтпай, басыңды тік көтеріп, желдей қандай қиындық кездесе де, жеңе біл деген ұстанымды берік ұғындырады.

□ Қасым Аманжолов

Дауыл

Көшті *дауыл* керуені,
Ілестім де мен кеттім.
Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім.
Мен *дауылдың* ұлымын,
Тұра алмаймын дауылсыз.
Қарсы алуға дайынмын,
Соқса да *дауыл* дамылсыз.